МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РГП на ПХВ «ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.М.АУЭЗОВА» МОН РК

AUEZOV UNIVERSITY 1943




# ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

160012, город Шымкент, проспект Тауке хана, 5
(8-725-2) 21-01-41, факс: (8-725-2) 21-01-41
canselyarya@mail.ru, info@ukgu.kz
@official.ukgu.kz
@auezov_university

Ф.07.02-09

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**
**М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»
Басқарма-төрағасы,
Ректор ________________
т.ғ.д., академик Қожамжарова Д.П.
«_____»____________2023 ж.

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«6В01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті»

| | |
|---|---|
| Тіркеу нөмері | 6В01700075 |
| Білім беру саласының коды мен жіктелуі | 6В01 Педагогикалық ғылымдар |
| Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі | 6В017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау |
| Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы | В016 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау |
| Білім беру бағдарламасының түрі | Қолданыстағы |
| ББХСЖ бойынша деңгейі | 6 |
| ҰБШ бойынша деңгейі | 6 |
| СБШ бойынша деңгейі | 6 |
| Оқыту тілі | Қазақ |
| БББ көлемі | 240 |
| Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері | - |
| Серіктестік ЖОО (ҚҚБ) | - |
| Серіктестік ЖОО (ҚДББ) | - |

Шымкент, 2023

**Құрастырушылар:**

| Тегі, аты-жөні | Қызметі | Қолы |
|---|---|---|
| Тасполатов Бакыт Тохполатұлы | Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент | |
| Жолдасбек Ләззат Оңғарбекқызы | Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. | |
| Омаров Нұрлыбек Құралбайұлы | Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, ф.ғ.к. | |
| Адырбекова Гүлмира Меңлібаевна | Оқу үрдісін ұйымдастыру орталығының бастығы, х.ғ.к., доцент | |
| Қалшабеков Ақжол Батырович | Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, ф.ғ.к. | |
| Елтаева Жанар Қуанышбекқызы | Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы | |
| Сәрсенбаева Жанар Пернехановна | А.Байтұрсынов атындағы №50 гимназия мектебі | |
| Жанысбаева ГулмираҚалыбайқызы | Шымкент қалалық тілдерді оқыту әдістемелік орталығының директоры | |
| Жарылкасын Әсел | Фи-20-1к1 тобының студенті | |
| Абдишукурова Баян Калдыбековна | №80 IT лицей-мектебінің директоры | |

Білім беру бағдарламасы «Педагогикалық ғылымдар (Тілдер және әдебиет)» бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінде қаралды.

« » _____2023 ж. №хаттама

АК төрағасы ________ Оразбаев Қ.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

« » _______. 2023 ж. № хаттама.

ОӘК төрайымы ____________________________Абишева Р.Д.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді.

« » ______. 2023 ж. № хаттама.

## МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| 1 | БББ концепциясы........................................................................... | 4 |
| 2 | БББ паспорты.................................................................................. | 6 |
| 3 | БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері................................................ | 8 |
| 3.1 | БББ бойынша оқыту нәтижелері мен модульдердің қалыптасқан құзыреттіліктерінің бөлінісінің матрицасы...................................... | 9 |
| 4 | Пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы................................................ | 10 |
| 5 | Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде игерілген кредиттердің көлемін көрсететін жиынтық кестесі............................. | 54 |
| 6 | Оқыту стратегиясы мен әдістері, бақылау және бағалау...................... | 55 |
| 7 | БББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету...................................................... | 56 |
| | Келісу парағы.................................................................................... | 57 |
| | Қосымша 1.Жұмыс берушінің пікірі | |
| | Қосымша 2.Сараптамалық қорытынды | |
| | Қосымша 3. «Педагог» кәсіптік стандарты | |

# 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

| | |
|---|---|
| **Университет миссиясы** | Біз жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыруға, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті таратын көшбасшыны дайындауға бағытталғанбыз |
| **Университет құндылықтары** | • Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық.<br>• Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады.<br>• Академиялық еркіндік – таңдау, даму және әрекет ету еркіндігі.<br>• Серіктестік – барлығы жеңетін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады.<br>• Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын. |
| **Түлек үлгісі** | • Терең пәндік білім, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту.<br>• Ақпараттық және цифрлық сауаттылық және жылдам өзгеретін ортадағы ұтқырлық.<br>• Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект.<br>• Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік.<br>• Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік. |
| **БББ бірегейлігі** | «6В01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бірегейлігі мыналарды көрсетеді: ББ-ның көп деңгейлі құрылымы, үздіксіз білім берудің көп деңгейлі жүйесін (бакалавриат) жұмысын қамтамасыз ететін іргелі білім беру мүмкіндігі; студенттердің ғылыми құзіреттіліктерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді; өңір мен облыстың дамуын ескереді (инклюзивті білім беруді жүзеге асырумен байланысты субъектілер); материалдық-техникалық ресурстарды үнемі толықтыруға және жаңартуға, бағдарламаларды интернационализациялауға, студенттердің жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін ескеру мүмкіндігіне назар аударады. |
| **Академиялық адалдық және этика саясаты** | Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданған:<br>• Академиялық адалдық ережелері (Ғылыми кеңестің 2018 жылғы 30 қазандағы № 3 хаттамасы);<br>• Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (Бұйрық № 373 н/қ, 27.12.2019 ж.).<br>• Әдеп кодексі (Ғылыми кеңестің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 8 хаттамасы). |
| **БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері** | 1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;<br>2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары ;<br>3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 30шілдедегі№2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің |

| | |
|---|---|
| | мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;<br>4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі No 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесінұйымдастыру ережесі;<br>5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы No 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.<br>6. ECTS қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар.<br>7. Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы директорының 2021 жылғы 30 маусымдағы № 45 о/д бұйрығына 1-қосымша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық. |
| **Білім беру процесін ұйымдастыру** | • Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру<br>• Студентке бағытталған оқыту<br>• Қол жетімділік<br>• Инклюзивтілік |
| **БББ сапасын қамтамасыз ету** | • Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі<br>• Стейкхолдерлерді БББ әзірлеуге және оны бағалауға тарту<br>• Жүйелі мониторинг<br>• Мазмұнды өзектендіру (жаңарту) |
| **Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар** | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығы |
| **Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары** | Ерекше білім беруді қажетететін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттарымен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытынкөрсететінбелгілер, пандустар қойылған. Оқукорпустарында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимылаппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қол жетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVD Аудиобағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты http://lib.ukgu.kz/ тәулік бойы жұмыс істейді. Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған. |

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

| | |
|---|---|
| **БББ мақсаты** | Педагогикалық қызметті тиімді жүргізе алатын, кәсіби құндылықтары бар, еңбек нарығында білікті және сұранысқа ие қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерін даярлау. |
| **БББ міндеттері** | -қоғамда әлеуметтік-жауапкершіліктік тәртіпті қалыптастыру, кәсіби әдеп нормаларын түсіне білу және оны сақтау;<br>-бүкіл өмір бойы оқуды жалғастыруға мүмкіндік беретін, кәсіби мансапта кездесіп отыратын барлық өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын базалық бакалавр дайындығын қамтамасыз ету;<br>-жалпы жоғары интеллектуалдық даму деңгейіне жету үшін жағдай жасауды, сауатты, әрі жетік сөйлей білуді, ойлау мәдениеті мен қазақ филологиясы саласында еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларымен қамтамасыз ету;<br>- интеллектуалдық, физикалық, рухани, эстетикалық жағынан дамуы, олардың мамандық бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін немесе келесі оқу деңгейлерінде оқуын жалғастыруларына жағдай жасау. |
| **БББ үйлесімділігі** | •Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі;<br>• 6 -шы біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors;<br>•Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-шіциклі (A Frame work for Qualification of the European Higher Education Area);<br>•Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning). |
| **БББ кәсіби саламен байланысы** | «Педагог» кәсіби стандарты (Қазақстан Республикасы Білім министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы No 500 бұйрығы). |
| **Берілетін дәреженің атауы** | Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге білім беру бағдарламасы бойынша «Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі» бакалавры дәрежесі беріледі. |
| **Біліктілік пен лауазымдар тізімі** | «6В01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврлар жұмыс істей алады: мұғалім, ғылыми қызметкер, әдіскер, сарапшы, корректор, аудармашы-референт, хатшы-референт Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының Біліктілік анықтамасындағы біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне талаптар қойылмастан бастапқы қызметтер атқара алады |
| **Кәсіби қызмет саласы** | • білім беру;<br>• оқыту-тәрбиелеу;<br>• ғылыми-зерттеушілік |
| **Кәсіби қызмет нысандары** | - жалпы орта мектебі (ЖОМ);<br>- аудармашыны керек ететін ұйымдар;<br>-бұқаралық ақпарат құралдары: редакция, газет және журнал, радио және телеарна, баспа орындары;<br>- әлеуметтік-гуманитарлық қызметпен айналысатын ұйымдар;<br>- мамандандырылған ғылыми ұйымдар, кітапхана. |
| **Кәсіби қызмет пәні** | -білім беру процесі оның құндылықты-мақсатты бағдарларының, мазмұнының, әдістерінің, нысандары мен нәтижелерінің бірлігінде; |

| | |
|---|---|
| | -инновациялық психологиялық-педагогикалық әдістер мен құралдарды қолдана отырып, білім алушыларды тәрбиелеу, тіл біліміне оқыту; |
| **Кәсіби қызмет түрлері** | -білім беру (педагогикалық)<br>- ұйымдастырушылық және басқарушылық<br>- ғылыми-зерттеу<br>- басқа да кәсіби қызметтің түрлерін, тіл және әдеби білімді шет тілінде практикалық түрде игеріп, жүргізуді талап ететін. |
| **Оқыту нәтижелері** | **ОН1** Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану саласындағы білім мен білік жүйесін оқу-әдістемелік, оқу-тәрбиелік, ғылыми-зерттеу міндеттерін ойдағыдай орындауға пайдалана алады.<br>**ОН2** Ақпаратты жинау және талдау, кәсіби ортада және қоғамда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін сөйлесе алады.<br>**ОН3** Пәндік терең білімге сүйене отырып, тілдік бірліктерді лингвистикалық және лингвостилистикалық талдау, көркем мәтінді талдау дағдыларын көрсету.<br>**ОН4** Теориялық білім мен тиімді оқытудың практикалық дағдыларын меңгере отырып, қазақ тарихының, мәдениеті мен тілінің, Қазақстанның басқа да халықтарының мәдениеттері мен тілдерінің байлығын білім беру мен тәрбиелеу процесіне енгізеді.<br>**ОН 5** Оқушылардың жас, тұлғалық, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, ортаны құрудың және оқушыларды білім мен тәрбие процесіне тартудың өзіндік стратегияларын бағалай алады.<br>**ОН6** Қазақ әдеби тілінің нормаларын, функционалдық сөйлеу стилінің жүйесін практикада қолдану, көне түркі ескерткіштері мәтіндерін еркін оқу, түсіну, талдау дағдыларын меңгеру.<br>**ОН7** Педагогикалық, ғылыми-педагогикалық қызметте заманауи ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды иелене отырып, оқу-тәрбие үдерісін жақсартуға бағытталған өзгерістерге қатысты белсенділік таныту және инновацияларды енгізу, мониторинг жүргізу және бағалау.<br>**ОН8** Әдеби процестің заңдылықтарын, жазушы шығармашылығының өзіндік ерекшелігін түсінуге негізделген фольклорды немесе көркем шығармаларды талдау әдістемесін меңгеру.<br>**ОН9** Жалпы білім беретін мектептерде пәнді сапалы оқытуды, тілдік және мәдени құндылықтарды, жаңа педагогикалық идеяларды және барған сайын серпінді жағдайда оқытуды, оның ішінде сыныптан тыс жұмыстарды қамтамасыз ететін сабақтарды ұйымдастырады.<br>**ОН10** Тілдік фактілерді синхрония мен диахронияда сипаттаудың өзіндік әдістері, стильдер, жанрлар, ауызша және жазбаша қатынас ережелері мен нормаларын меңгеру.<br>**ОН11** Білім беру мен рухани-адамгершілік дамуына және студенттердің, оның ішінде арнайы білім беру бағдарламалары бар тұлғалардың функционалдық сауаттылығын арттыруға ықпал ететін кәсіптік қызметте базалық білімді қолдана отырып, оқушылардың/тәрбиеленушілердің жеке дамуы үшін педагогика мен психологияның заманауи тәсілдерін қолдану.<br>**ОН12** Педагогикалық кәсіби қызметті кәсіби құндылықтарға, адалдық пен әділдікке негізделген академиялық адалдық пен сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қағидаттарын сақтай отырып, жеке және топта тиімді жұмыс |

## 3.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БІТІРУШІ ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

| **ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТЕР** (SOFTSKILLS). Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық құзыреттіліктер | |
|---|---|
| Өз сауаттылығын басқарудағы құзыреттіліктер (өзіндік үйрену және жүйелі ойлау, транстәртіптілік, кросфункционалдылық) | 1.1.Өздігінен оқу, өзін-өзі дамыту және таңдаған траектория аясында және пәнаралық жағдайда өз білімін үнемі жаңартып отыру мүмкіндігі.<br>1.2. Кәсіби салада ой, сезім, фактілер мен пікірлерді білдіру қабілеті.<br>1.3.Қазіргі әлемдегі ұтқырлық және сыни ойлау қабілеті. |
| Тілдік құзыреттілік | 2.1.Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құру қабілеті.<br>2.2Мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті. |
| Математикалық құзыреттілік және ғылым саласындағы құзыреттілік | 3.1.Кәсіптік есептерді шешу үшін ЖОО-да математикалық, жаратылыстану ғылыми, техникалық пәндерді оқу кезінде алынған білім беру әлеуетін, тәжірибесін және жеке қасиеттерін қолдану қабілеті және дайындығы. |
| Сандық компетенция және технологиялық сауаттылық | 4.1. Өзінің өмірі мен кәсіби қызметінің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты көрсету және дамыту қабілеті.<br>4.2.Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әр түрлі түрлерін пайдалану қабілеті: интернет-ресурстар, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату бойынша бұлтты және мобильді сервистер. |
| Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері | 5.1.Дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене бітімін өздігінен жетілдіру және салауатты өмірге бағдарлау қабілеті.<br>5.2.Азаматтық және адамгершілік көріністері негізінде әлеуметтік-мәдени даму қабілеті.<br>5.3.Өзін-өзідамыту, мансаптық өсу және кәсіби жетістік үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру қабілеті.<br>5.4. Оқу, жұмыста, үйде және бос уақытта әлеуметтік-мәдени контексте сәтті өзара әрекеттесу қабілеті. |
| Кәсіпкерлік құзыретіліктері | 6.1. Әр түрлі ортада шығармашылық және кәсіпкерлікті таныту мүмкіндігі.<br>6.2. Белгісіздік режимінде жұмыс істеу және тапсырма шарттарын тез өзгерту, шешім қабылдау, ресурстарды бөлу және уақытты басқару қабілеті.<br>6.3. Тұтынушының сұраныстарымен жұмыс істеу қабілеті. |
| Мәдени хабардар болу және өзін таныту қабілеттіліктері | 7.1. Дүниетанымдық, азаматтық және моральдық ұстанымдарды көрсету қабілеті.<br>7.2. Әлемнің басқа халықтарының дәстүрлері мен мәдениетіне толерантты болу, жоғары рухани қасиеттерге ие болу қабілеті. |
| **КӘСІПТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР** (HARDSKILLS) Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теориялық білімдер және тәжірибиелік дағдылар, қабілеттер | |
| Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теоретикалық білімдер және тәжірибиелік дағдылар, қабілеттер | 1.Қазақ тіл білімі саласындағы дидактикалық, ғылыми, білім беру, әлеуметтік және коммуникативтік міндеттерді анықтау және шешу үшін жүйелі теориялық және тәжірибелік арнайы білімдерді пайдалануға дайын болу |
| | 2. Белгілі бір тілдік стильге жатқызылғандықтан, тілдік құралдардың өзгеру дағдыларын таныта алу; |
| | 3.Тілдік және әдебиеттану саласында дидактикалық, ғылыми, білім беру, әлеуметтік және коммуникативті тапсырмаларды анықтау және шешу үшін жүйелі теориялық және тәжірибелік арнайы білімдерді пайдалануға дайындық. |
| | 4. Мамандық бойынша кәсіптік қызметтің барлық түрлерін жүзеге асыру мүмкіндігі. |
| | 5.Жалпы білім беру мекемесінде өзбек тілін оқыту үдерісіндегі принциптерді және салыстырмалы тарихи әдістерді түсіне алу. |

### 3.1 БББ бойынша оқыту нәтижелері мен модульдердің қалыптасқан құзыреттіліктерінің бөлінісінің матрицасы

| | ОН1 | ОН2 | ОН3 | ОН4 | ОН5 | ОН6 | ОН7 | ОН8 | ОН9 | ОН10 | ОН11 | ОН12 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖҚ1.1 | | + | + | | | | | + | | | | |
| ЖҚ1.2 | | | + | + | + | | | | + | | | + |
| ЖҚ1.3 | | | | | | + | | | + | | | |
| ЖҚ 2.1 | | + | | | | + | | + | | | | |
| ЖҚ 2.2 | + | | | | | | | | | + | + | + |
| ЖҚ 3 | | + | + | | | | | + | + | | | |
| ЖҚ 4.1 | | + | + | | | | | + | | + | | |
| ЖҚ 4.2 | + | | | | | | | | + | | | |
| ЖҚ 5.1 | | | | | | | | + | | + | | |
| ЖҚ 5.2 | | + | | + | | | | | | + | | |
| ЖҚ 5.3 | | | | + | | | | | + | + | | + |
| ЖҚ 5.4 | | + | | | + | | | | + | + | | |
| ЖҚ 6.1 | | | | | + | | | | | | + | + |
| ЖҚ 6.2 | | | | + | + | | | | | | + | + |
| ЖҚ 6.3 | | | + | + | | + | + | | | | | |
| ЖҚ 7.1 | | | | + | | | | | | + | | |
| ЖҚ 7.2 | | | | | | | | | + | + | + | |
| КҚ 1 | | + | | | | + | | + | | | | + |
| КҚ 2 | | | | + | + | + | | | + | + | | |
| КҚ 3 | | | | + | + | + | | | | | + | |
| КҚ 4 | | | | + | + | + | + | | | | + | |
| КҚ 5 | | | | + | + | + | + | | | | | |

## 4. ПӘНДЕРДІҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛЫ МЕН ЕҢБЕК КӨЛЕМІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР МАТРИЦАСЫ

| № | Модуль аталуы | циклі | компоненті | Пәнннің аталуы | Пәннің қысқаша сипаттамасы | Кредиттер саны | Қалыптастырушы оқыту нәтижелері (кодтары) | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | ОН 1 | ОН 2 | ОН 3 | ОН 4 | ОН 5 | ОН 6 | ОН 7 | ОН 8 | ОН 9 | ОН 10 | ОН 11 | ОН 12 |
| 1 | Қоғамдық ғылымдар негіздері | ЖБП | МК | Қазақстан тарихы | Мақсаты: Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде Қазақстан тарихы туралы объективті білім беру.<br>Мазмұны: Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы. Түркі өркениеті және Ұлы дала. Қазақ хандығы. Жаңа заман дәуіріндегі Қазақстан. Казақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамында. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы, қоғамдық-саяси даму, сыртқы саясаты және халықаралық қатынастары. Қазақстан тарихындағы оқиғалардың себеп-салдарын талдаудың тарихи суреттеу әдістері мен тәсілдері. | 5 | | *v* | | | | | | v | | v | | v |
| | | ЖБП | МК | Философия | Мақсаты: Студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, оларға келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Сондай-ақ студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру. | 5 | | v | | | | | | v | | v | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Мазмұны: Ойлау мәдениетінің пайда болуы. Философияның пәні мен әдісі. Дүниені философиялық түсінудің негіздері: сана, рух және тіл мәселелері. Болмыс. Онтология және метафизика. Таным және шығармашылық. Білім, ғылым, техника және технологиялар. Адам философиясы және құндылықтар әлемі. Этика. Құндылықтар философиясы. Эстетика пәні философиялық білім саласы ретінде. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – Жаңа Қазақстан философиясы. | | | | | | | | | | | | | |
| 2 | Әлеуметтік-саяси білімдер | ЖБП | МК | Әлеуметтану және саясаттану | Мақсаты: Қоғамдық-саяси қызмет туралы білімдерін қалыптастыру мақсаты, қоғамдық-саяси процестер мен құбылыстарды түсіндіру.<br>Мазмұны: Қоғамның әлеуметтік-этика-лық құндылықтар жүйесін қарастыру. Әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық институттарды, жастар саясатының ерекшеліктерін қазақстандық қоғамның жаңғыруында пайдалану және олардың негізінде қоғамдағы, кәсіптік ортада қақтығыстық жағдайларды шешу жолдары. Саяси институттар мен про-цестерді, саясат, билік, мемлекет және азаматтық қоғам туралы идеяларды талдау және түсіндіру әдістерін зерттеу, әлеуметтанулық, салыстырмалы талдау әдістері мен әдістерін түсіну және қолдану, қазіргі әлемдегі саяси жағдайдың мәні мен мазмұнын | 4 | **v** | **v** | | | | | | **v** | | **v** | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | түсіну. Негізгі саяси институттарды талдау және жіктеу. | | | | | | | | | | | | | |
| | | ЖБП | МК | Мәдениеттану және психология | Мақсаты: Тарих, қазіргі тенденциялар, мәдениет пен психологияны дамытудың өзекті мәселелері мен әдістері туралы ғылыми білімдерін, психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау дағдыларын қалыптастыру.<br>Мазмұны: Мәдениеттің морфологиясы, тілі, семиотикасы, анатомиясы. Көшпелілер, прототүркілер, түріктер мәде-ниеті. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті. XVIII – XIX ғасырлар тоғы-сындағы қазақ мәдениеті, XX ғ. Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Ұлттық сана, мотивация. Эмоциялар, интеллект. Адамның еркі, өзін-өзі реттеу психологиясы. Жеке типологиялық ерекшеліктері. Құндылықтар, мүдделер, нормалар рухани негіз болып табылады. Өмірдің мәні, кәсіби өзін-өзі анықтау, денсаулық. Жеке тұлға мен топтың қарым-қатынасы. Әлеуметтік-психоло-гиялық конфликт. Қақтығыс кезіндегі мінез-құлық үлгілері. | 4 | **v** | **v** | | v | | | v | **v** | | **v** | | |
| 3 | Әлеуметтік-этникалық даму | ЖБП | ЖК | Экожүйе және құқық | Мақсаты: экономика, құқық, антикоррупциялық мәдениет, экология және тіршілік қауіпсіздігі, кәсіпкерлік, ғылыми зерттеулер әдістері саласында интеграцияланған білімді қалыптастыру.<br>Мазмұны: адам мен табиғаттың қауіпсіз өзара іс-қимылының, экожүйелер мен биосфераның | 5 | **v** | **v** | | **v** | | | | **v** | **v** | | **v** | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | өнімділігінің негіздері. Ресурстардың шектеулілігі жағдайындағы қоғамның кәсіпкерлік қызметі, бизнес пен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Экология және адам тіршілігінің қауіпсіздігі саласындағы қатынастарды реттеу. Қазақстандық құқықты, субъектілердің міндеттері мен кепілдіктерін білу, әлеуметтік прогресті қамтамасыз ету үшін қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеуді білу және сақтау. Ғылыми зерттеулер әдістерін қолдану. | | | | | | | | | | | | | |
| | | БП | ТК | Мұхтартану | Мақсаты: М.Әуезовтің әдеби-тарихи шығармашылығы туралы әдебиет тарихымен патриоттық және мәдени-рухани ұстаным негізінде түсінік қалыптастыру. Шығармашылық ойлауын, өзіндік зерттеу дағдысын дамыту. Мазмұны: М.Әуезовтің Семей, Ташкент, Санкт-Петербург кезеңіндегі өмірі мен шығармашылық жолы. «Шолпан», «Абай» журналдарындағы М.Әуезовтің қызметі. М. Әуезовтің публицистикасы. «Қорғансыздың күні», «Қыр суреттері», «Оқыған азамат», «Көксерек» әңгімелеріне, «Еңлік-Кебек» пьесасына, «Қилы заман», «Қараш-қараш» оқиғасы» повестеріне, «Абай Құнанбаев» монографиясына, «Абай жолы» роман-эпопеясына шолу жасау. | 3 | | | | | | v | v | **v** | | | | |
| | | | | Абайтану | Мақсаты: А. Құнанбаевтың шығармашылығы негізінде "Қазақтану" жобасында "ұлттық кодты" сақтау | | | | | | | v | v | **v** | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Мазмұны: XIX-XX ғасырлардағы Қазақстан тарихы мен қазақ әдебиетіне тарихи шолу. Абай мұрасын зерттеу XX-XXI ғ. Абай шығармашылығының хронологиясы. Абай-ұлы ақын, этнограф, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Абай - "Карамола ережесі" заңдар жинағын құрастырушы, қоғамдық маңызы. Абай-ойшыл, дінтанушы, философ. Абайдың білім мен ғылымдағы рөлі, "тұтас адам" тұжырымдамасы. Абайдың "Қара сөздері", М .Әуезовтің "Абай жолы " роман-эпопеясы. Қ. Тоқаев "Абай және Қазақстан XXI ғасырда", рөлі, маңызы. | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | Қоғамдық сананы жаңғырту және оның өзекті мәселелері | Мақсаты: патша және кеңестік кезеңдерінде деформацияланған руханилықты қалпына келтіру, жастардың қоғамдық санасын жаңғырту негізінде креативті тұлғаны қалыптастыру. Мазмұны: рухани жаңғыру: шығу тегі мен алғышарттары. Қазіргі ұлттық сана. Прагматизм және бәсекеге қабілеттілік. Ұлттық бірегейлік және ұлттық код. Эволюциялық дамудың тәжірибесі мен болашағы. Білім салтанаты және сананың ашықтығы. Алфавит реформасы: тәжірибе және басымдықтар. Отан-мемлекеттің негізі. Жалпыұлттық киелі орындар мен тарих арқылы тәрбиелеу. Қазіргі қазақ мәдениеті-рухани жаңғырудың негізі. Жаңа гуманитарлық білім және болашақ ұлттық зиялы қауым. Абай Құнанбаев және қазақ қоғамы. | | | **v** | | **v** | | | | **v** | | **v** | | |
| | | | | Қоғамға қызмет ету | Мақсаты: Университетте оқытылатын пәндермен байланысты | | | v | | v | | | | v | | v | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қоғамдық пайдалы іс-әрекеттерді жүзеге асыру, академиялық бағдарламаларды игеру негізінде әлеуметтік маңызды дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру. Мазмұны: Service Learning ұғымының мәні мен мазмұны, Service Learning тұжырымдамасының қалыптасу және даму тарихы. Service Learning-тің негізгі құрамдас бөліктері, балалар мен жасөспірімдер ортасындағы қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер, әлемдік және қазақстандық тәжірибеде волонтерлік қозғалысты ұйымдастыру, Service Learning тің профильдік бағыты. Қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер арқылы оқытудың халықаралық тәжірибесі. Әлеуметтік жобаларды әзірлеудің жалпы принциптері мен әдістемесі. Іске асырылған әлеуметтік жобаларды талдау әдістері. | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | Мақсаты: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, тұлғаның берік адамгершілік негіздерін, азаматтық ұстанымды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың тұрақты дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: Құқықтық нигилизмді жеңу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласында құқықтық мәдениет негіздерін қалыптастыру. Саналы қабылдауды, сыбайлас жемқорлыққа көзқарасты қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлықтан, сыбайлас жемқорлық моральынан, этикадан моральдық бас тарту. | | | v | | v | | | | v | | v | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін қажетті дағдыларды игеру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандартын құру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат, заңдылық идеяларын тарату, заңға құрмет. Сыбайлас жемқорлықтың табиғатын түсінуге, оның көріністерінен әлеуметтік шығындарды түсінуге, өз ұстанымын дәлелді түрде қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерін жеңу жолдарын іздеуге бағытталған іс-шаралар. | | | | | | | | | | | | | |
| 4 | Коммуникация және дене мәдениеті модулі | ЖБП | МК | Қазақ (орыс) тілі | Мақсаты: қазақ (орыс) тілінде қоғамдық өмір және әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырып, академиялық мәтіндер жазу қабілетін жетілдіреді. Мазмұны: А1, А2, В1, В2-1, В2-2 (В2, С1 орыс тілі ) деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту. | 10 | **v** | **v** | | | | | v | **v** | | **v** | | |
| | | ЖБП | МК | Шетел тілі | Мақсаты: А2 жеткілікті деңгейінде және В1 базалық жеткіліктілік | 10 | **v** | **v** | | | | | v | **v** | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | деңгейінде шет тілін оқыту үдерісінде студенттердің мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Егер бастапқыда тіл деңгейі жалпы европалық құзыреттілік В1 деңгейінен жоғары болса, студент жалпы европалық құзыреттің В2 деңгейіне жетеді.<br>Мазмұны. А1, А2, В1, В2 деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған.Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту. | | | | | | | | | | | | | |
| | | ЖБП | МК | Дене шынықтыру | Мақсаты: Кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттілігі мен әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерін қалыптастыру; болашақ еңбек қызметінде физикалық жүктемелердің, жүйке-психикалық стресстердің және қолайсыз факторлардың тұрақты төзімділігіне.<br>Мазмұны: Дене шынықтыру-сауықтыру және жаттығу | 8 | **v** | | | | | | | | | **v** | | **v** |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бағдарламаларын іске асыру. Жалпы дамыту және арнайы жаттығулар кешені.<br>Спорт түрлері (гимнастика, спорттық және ашық ойындар, жеңіл атлетика және т.б.). Сабақ процесінде бақылау және өзін-өзі бақылау, сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Жарыстардың төрешілері, кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығының құралдары. Қазіргі заманғы сауықтыру жүйелері: А. Стрельникова, К. Бутейко, К. Динейки бойынша тыныс алу жүйесі, Бубновский бойынша бірлескен гимнастика. | | | | | | | | | | | | | |
| | | БП | ЖК | Кәсіби қазақ (орыс) тілі | Мақсаты: кәсіби маңызды жағдайларда қарым-қатынасты барабар құра алатын және арнайы мақсатта тіл нормаларын меңгерген маманның кәсіби бағдарланған тілдік даярлығын қамтамасыз ету. Мазмұны: кәсіби тіл және оның құрамдас бөліктері. Кәсіби терминология ғылыми стильдің негізгі белгісі. Оқу-кәсіптік және ғылыми-кәсіптік салалардағы ғылыми лексика және ғылыми конструкциялар. Мамандық бойынша ғылыми мәтіндерді құрастыру және талдау бойынша жұмыс алгоритмі. Ғылыми-кәсіби мәтіндерді құрастыру. Болашақ кәсіби қызмет шеңберіндегі іскерлік коммуникация және құжаттама негіздері. | 3 | **v** | | | | | v | | | | | | |
| | | БП | ЖК | Кәсіби бағытталған шетел тілі | Мақсаты: Кәсіби бағытталған мәтіндердің, оның ішінде, ғылыми-техникалық мазмұндағы мәтіндердің | 3 | **v** | | | v | | | v | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ауызша және жазбаша функционалдық ерекшеліктерін білу.<br>Мазмұны: Кәсіби тақырыптар бойынша ауызша сөйлеуді түсіну және кәсіби тақырыптар бойынша дәйекті хабарлама жасау. Мультимедиялық технологияларды қолданып ауызша хабарламалар жасай алу. Кәсіби терминологияны меңгеру. Болашақ мамандықтар бойынша мәтіндерді түсіну. | | | | | | | | | | | | | |
| | | ЖБП | МК | Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар | Мақсаты: Ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру. Сандық жаһандану дәуірінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен маңыздылығын сыни түрде түсіну қабілетін дамыту, жаңа "сандық" ойлау.<br>Мазмұны: Компьютерлік жүйелерге кіріспе және архитектурасы. Бағдарламалық қамтамасыз ету. Операциялық жүйелер. Адамның компьютермен әрекеттесуі. Деректер базасының жүйесі. Деректер базасын басқару. Желілер және телекоммуникациялар.<br>Киберқорғаныс. Интернет технологиялары. Бұлтты және мобильді технологиялар. Мультимедиялық технологиялар. Смарт технологиялар. Электронды технологиялар.Электронды бизнес. Электронды үкімет. | 5 | v | v | v | | v | | | | v | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Педагогикалық шеберлік негіздері | БП | ЖК | Педагогика және киберпедагогика | Мақсаты: Мектептегі тәрбие жұмысын жобалау, құрастыру және ұйымдастыру бойынша болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру. Мазмұны: Педагогика ғылымының генезисі, біртұтас педагогикалық процестің заңдылықтары мен принциптері. Тәрбие және дидактика теориясының негіздері, қазіргі мектепті басқару мәселелері, киберпедагогиканың ғылыми принциптері мен заңдылықтары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде оқу үдерісін басқарудың әдіснамасы мен технологиясы, қашықтықтан оқыту және аралас оқыту әдістемесі. | 5 | | | | | | | v | | v | | v | |
| | | БП | ЖК | Педагогикалық практика | Пән мұғалімінің және сынып жетекшісінің қызметін мақсатты түрде орындауға, оқушылармен оқыту-тәрбиелеу жүйесін өткізуге, педагогикалық процесті мұғалім іс – әрекетінің тұтас нысаны ретінде қабылдауға дайындау; Психологиялық климат, отбасындағы педагогикалық процесс, жоғары сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері;оқыту-тәрбиелеу қызметінің психологиялық басымдылықтары (сабақтың психологиялық құрылымы, оқушылардың дәлелдері, педагогикалық этика, танымдылық іс-әрекеттерінің ерекшеліктері, қатынасу, сабақтағы микроклимат); пән бойынша оқу және сыныптан жұмыс жүйесі; мектептің әдістемелік қызметін ұйымдастыру; | 1 | v | v | v | v | v | | v | | v | | v | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | пән бойынша оқушылардың білім, шеберлік деңгейі; мектептің инновациялық әдістерді және технологияларды жинақтау бойынша жұмысы. | | | | | | | | | | | | | |
| | | БП | ЖК | Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі | Мақсаты: Болашақ мұғалімдерді қазіргі педагогика ғылымының теориялық және әдістемелік негіздерімен, педагогикалық процесті ұйымдастыру технологиясы бойынша кәсіби құзіреттіліктермен қаруландыру, киберпедагогиканың заңдылықтары мен ғылыми принциптеріне сүйене отырып, студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде білім беру процесін жобалау мен құруға дайындығын қалыптастыру.<br>Мазмұны:Мектеп пен сыныптың тәрбие процесінің, тәрбие жұмысының, тәрбие жүйелерінің мәні мен ерекшеліктері, сынып жетекшісі жұмысының мазмұны, қызметі, мектептегі және сыныптағы тәрбие жұмысын жоспарлау, сынып ұжымын және оқушылармен жеке тәрбие жұмысын ұйымдастыру, педагогикалық көмек көрсету дағдылары, қиын және дарынды балалармен жұмыс істеу дағдылары, оқушылардың ата-аналарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау әдістері, оқушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысының мәселелері. Тәрбие жұмысының тиімділігін диагностикалау әдістері. | 4 | v | v | v | v | v | | v | | v | | v | |
| | | БП | ЖК | Инклюзивті білім беру | Мақсаты: Инклюзивті білім берудің заманауи әлемдік және отандық теорияларымен таныстыру, | 4 | | | | | v | | | | v | | v | v |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | инклюзивті білім беруді жобалау мен ұйымдастыруда болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру. Мазмұны: Инклюзивті білім берудің әлеуметтік мәні мен ерекшеліктері. Инклюзивті білім берудің заңдылықтары, принциптері мен моделдері. Жалпы білім беретін мектептрдегі инклюзивті білім беру қызметін реттейтін құқықтық құжаттар. Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың тәсілдері мен технологиялары. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды инклюзивті оқыту үшін психологиялық-педагогикалық қолдау және қолайлы жағдай жасау әдістері, инклюзивті білім беру ортасын құру мәселелері. | | | | | | | | | | | | | |
| 6 | Психология лық педагогикал ық ғылымдар негіздері | БП | ЖК | Жалпы және жас ерекшелік психологияс ының негіздері | Мақсаты: Адам психикасының дамуының жас ерекшеліктерін ескере отырып, әр түрлі психикалық құбылыстар туралы білімдерді оқып-үйрену және меңгеру негізінде оқушылардың психологиялық ойлауын дамыту. Мазмұны: Психологияға кіріспе. Сана. Тұлға. Белсенділік. Когнитивтік процестер. Ерік, эмоция, сезім психологиясы. Темперамент. Кейіпкер. Мүмкіндіктер. Онтогенездегі психиканың құрылымы, қызметтері, заңдылықтары, когнитивтік процестер, жағдайлар, факторлар, психиканың даму механизмдері. Даму психологиясының әдіснамалық негіздері, ұғымдары, категориялары, | 4 | | | | | v | | | | v | | v | v |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | механизмдері, жасқа байланысты өзгерістердің сипаты. Адам психикасы дамуының әр түрлі жас кезеңдеріндегі тұлғаның жағымды дамуының ерекшеліктері, себептері мен факторлары, шарттары мен болашағы. | | | | | | | | | | | | | |
| | | БП | ЖК | Психолого-педагогикалық практика | Мақсаты: Шығармашылық мүмкіндігін ашу, педагогикалық іс-әрекетіндегі зерттеу бағыты; теориялық білім алу кезіндегі, студенттердің білімін бекіту мен тереңдеу; мектеп психологтың функционалды міндеттері мен кәсіби-педагогикалық іс-әрекетімен таныстыру; мектептегі негізгі тәрбие жұмыстарымен және сынып жетекшінің жұмысымен таныстыру7 Мазмұны:Студенттің жұмысының мазмұны мен мінездемесі педагогикалық практикасы 3 топқа бөлінеді: I топ — нұсқаушы. Оның тәжірибедегі мақсаты теориялық дайындалу.Барлық сұрақтарға нұсқаушы конференцияға жауап қарастырады- тәжірибедегі тапсырмалармен танысу, программамен, есеп беру құжаттары, тәжірибедегі бақылау уақыты. II топ -негізгі. Ол екі бөліктен тұрады: сынақтар және кәсіби қызметі. Бірінші аптада студен оқыту барысымен, өзіне берілген сынып оқушыларын зерттеп барлық сабақтарға қатысады, өзінің мектеп психологімен құрастырған жоспары және сынып жетекшімен | 2 | | v | | | | | v | | v | | v | v |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ұйымдастырған мерекелік тәрбие жоспарларын құрады. Алғашқы екі күн ішінде студент өзінің жеке жоспарын құрады, күнделікке жазып отырады, дәлел ретінде оны жетекшіге береді.Күнделіктегі жеке жоспар күніге толтыру. Жұмыс барысы келесі 2,5 аптада, студенттер негізгі тапсырмаларын, педагогикалық психологиялық тапсырмаларын орындайды, тәрбие жұмыстарын ұйымдастырады, қажетті материалдарды дайындайды. III топ – тексеру және бағалау. Тәжірибені аяқтауға, есеп беруге дайындалу. Тәжірибені қорытындылау. Жабылу кеңесіне қатысу. | | | | | | | | | | | | | |
| | | БП | ЖК | Оқушыларды ң даму физиологияс ы | Мақсаты: Болашақ мұғалімдерге балалар мен жасөспірімдер денесінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері, оның қоршаған ортамен қарым-қатынасы туралы заманауи мәліметтер беру, оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтудың, олардың әр түрліоқу іс-әрекеттерінде жоғары жұмыс қабілеттілігін сақтаудың негізінде жатқан заңдылықтар туралы біліммен қаруландыру. Мазмұны: Ағзаның өсуі мен дамуы; жүйке жүйесінің дамуы; жоғары жүйке қызметінің қалыптасуы және баланың даму процесінде оның қалыптасуы; сенсорлық ; эндокриндік; тірек-қимыл аппараты; тыныс алу; ас қорыту; қан және жүрек-тамыр жүйесі. Мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау, салауатты өмір салты | 4 | | | | | v | | | | v | | v | v |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ережелеріне қалыптастыру. | | | | | | | | | | | | | |
| 7 | Тіл білімінің ғылыми-теориялық мәселелері | БП | ТК | Тіл біліміне кіріспе | Мақсаты: Тіл туралы ғылымның негізімен таныстыру, тіл білімінің түрлі ғылым салаларымен тығыз байланысын таныту. Тілдің ішкі құрылымы және оның ойлаумен, қоғаммен, қоғам дамуының тарихымен, тілдің функционалдық және құрылымдық баламаларымен байланысын түсіндіреді. Мазмұны: Тіл білімінің пәні. Тіл білімінің бөлімдері. Жалпы және жеке тіл білімі. Тіл жүйелік-құрылымдық формация ретінде. Жүйе және құрылым туралы түсінік. Тілдегі құрылымдық қатынастар. Тілдік деңгей ұғымы, негізгі тілдік деңгейлер және тіл жүйесінің бірліктері. Синхрондық және диахрондық лингвистика. Тілдегі синтагматикалық, парадигматикалық және иерархиялық қатынастар. Тілдік белгі туралы түсінік. Ф.де Соссюрдің тілдік белгі туралы ілімі. Теориялық және қолданбалы лингвистика. Тіл ерекше әлеуметтік құбылыс ретінде. Тілдік функциялар. Дүние жүзі тілдерінің классификациясын меңгереді. | 4 | v | | v | v | | | | | | v | | |
| | | | | Тіл білімінің тарихи негіздері | Мақсаты: Белгілі бір кезеңдегі бір тілдегі өзгерістерді түсіндіру; тілдердің тарихқа дейінгі тарихын қайта құру және олардың тілдік семьяларға қарай жіктелуін анықтайды (салыстырмалы тарихи лингвистика);<br>Мазмұны: Тарихи немесе диахрондық тіл білімі. Уақыт бойынша тіл өзгерістерін зерттейтін | | v | | v | v | | | | | | v | v | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ғылыми пән. Тіл білімінің бұл саласының негізгі міндеттері тілдің өзгеруінің жалпы теорияларын дамыту; тілдік бірлестіктердің тарихын зерттеу; сөздердің шығу тарихын, яғни этимологиясын зерттеуді түсіндіреді. | | | | | | | | | | | | | |
| | | КП | ТК | Жалпы тіл білімі | Мақсаты: Тіл білімінің тарихи және жалпы лингвистикалық дайындықтарын тереңдету. Тіл біліміндегі онтология мәселелері жайында білім алуға, ғылыми танымдық заңдылықтарды, жалпы гносеологиялық ізденімдермен сәйкесетін қазіргі тіл білімінің даму бағытымен таныстыру.<br>Мазмұны: Көне дәуір тіл білімі. Тілді зерттеудегі семасиологиялық және ономасиологиялық бағыттардың тууы. Ішкі және сыртқы лингвистика Көне Үнді, Ежелгі Греция, көне араб және түркі тіл білімдері. Орта ғасыр тіл білімі (XIII – XIYғ.); Қайта өрлеу дәуірінің тіл білімі (XY – XYIғ.) – Ю. Скалигердің грамматикалық теориясы. XYII ғасыр тіл білімі – Пор-Рояль грамматикасы(Л). Қайта өрлеу дәуірі лингвистикасының мәселелері. XIX ғасыр лингвистикасы. Салыстырмалы–тарихи тіл білімі Ф. Бопп . В. фон Гумбольдттың лингвистикалық концепциялары XX ғасыр лингвистикасы. Сөздер мен заттар» мектебі; эстетизм, неолингвизм, социологиялық мектеп, Женева социологиялық мектебі, структурализм | 4 | v | | v | v | | | | | | v | v | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Тіл біліміндегі жаңа бағыттар | Мақсаты: Қазақ тіл білімінде қалыптасқан жаңа бағыттармен танысып, қазіргі тіл білімінің даму бағытымен таныстырады. Мазмұны: Қазіргі тіл білімінің негізгі қағидалары. XX-XXI ғасырлар тоғысындағы қазақ тіл білімінің жаңа бағыттары. Қазіргі антропологиялық бағытталған лингвистикалық пәндердің (функционалдық грамматика, коммуникативті грамматика, семантика, лингвоконцептология, прагмалингвистика, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика) негізгі ережелері. Осы ғылыми пәндер шеңберіндегі негізгі бағыттарды, олардың мәселелерін сипаттайды, оқытылатын пәндердің концептуалды аппаратына иелік етуді сипаттайды. | | v | | v | | | | | | | v | v | |
| 8 | Әдебиеттанудың ғылыми-теориялық мәселелері | БП | ТК | Әдебиеттануға кіріспе | Мақсаты: Әдеби ұғымдар мен құбылыстарды зерттеу мен саралаудың әдіснамалық заңдылықтарын меңгереді. Мазмұны: Әдебиеттану ғылымы, оның үш саласы: әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны; қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихы; А.Байтұрсыновтың теориялық тұжырымдары; әдебиет жайлы түсінік; образ ұғымы; мазмұн мен пішін; көркем әдебиет тілі; өлең теориясы; әдеби ағымдар мен бағыттар; әдеби процесті түсіндіреді. | 5 | v | | v | | | | | v | | v | | |
| | | | | Әдебиеттану ғылымындағы зерттеулер | Мақсаты: Әдебиеттану саласындағы жаңа ғылыми зерттеулермен таныстыру және оларды талдайды. | | v | | v | | | | | v | | v | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Мазмұны: Әдебиет тарихын жаңаша дәуірлеу мәселелері, кеңестік дәуірдегі эмиграциялық әдебиет, Мәжит Айтбаев шығармашылығы, ұлттық либералдық бағыттағы қазақ әдебиеті өкілдері, ұлттық социалдық бағыттағы әдебиет өкілдері, ұлттық социалдық діни бағыттағы жазушылар, Мәди Меркішұлы шығармашылығы, әдебиеттегі 60-жылғылар ұғымы, «жылымық» кезіндегі әдеби процесс, Абайтанудағы текстологиялық жаңалықтар, Абай мәтіндерінің жаңа транскрипциялары, «Абайдың «Китәбу тасдиқ» ғылыми еңбегін қолданады. | | | | | | | | | | | | | |
| | | КП | ТК | Әдебиет теориясы | Мақсаты: Әдебиет теориясы осы бағыттағы заңдылықтар мен қағидаларды жүйелеп, поэтикалық, прозалық және драмалық көркем шығармалардың табиғатын тану. Мазмұны: Әдеби түсініктер жүйесін қарастырады. Өнердің түрі және оның тарихи даму заңдылығы ретінде әдебиеттің жалпы ерекшеліктерін тереңірек және жан-жақты оқып үйрену дағдыларын қалыптастырады. Поэтика категориясы (автордың бейнесі, көркем уақыт және кеңістік, композиция), курстың терминологиясы, негізгі түсініктерді қалыптастыру үдерісі мен дамуын түсінеді. | 4 | v | | v | | | | | v | | v | | |
| | | | | Қазіргі қазақ әдебиет теориясындағы жаңашылдық | Мақсаты: Әдебиет теориясындағы жаңа бағыттар мен мектептердің шығу тегімен таныстыру. Мазмұны: Әр түрлі әдеби бағыттар мен методтар, дәстүрлі әдеби | | v | | v | | | | | v | | v | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бағыттарды жоққа шығару, интеллектуализация үрдісі. Философиялық идеялардың әдеби процеске әсер етуі. Жанрлардың шектен тыс аралас-құралас болуы. Әр түрлі формалар мен стилдердің көптігі. Эссе жанрына деген қатты сұраныс, неомифологизм, утопиялық тенденцияларды меңгереді. | | | | | | | | | | | | | |
| 9 | Оқытудың әдістемелік негіздері | КП | ЖК | Қазақ тілін оқыту әдістемесі мен бағалау | Мақсаты: Заманауи білім беру саласындағы қазақ тілін оқыту әдістемесі және бағалау критерийлерімен таныстыру. Мазмұны: Заманауи оқыту технологияларын қарастыру. Әр түрлі оқыту әдістерін салыстыру және бағалау. Жаңартылған бағдарламалардың талаптарын ескере отырып, қазақ тілінде қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларды, қазақ тілін оқытудың заманауи технологиялары бойынша жаңа бағдарламаларды жасау мүмкіндігін қалыптастыру. Қазақ тілін оқытуда заманауи технологияларды жіктеу. Жаңа білім беру технологияларын қолдану арқылы сабақ құру мүмкіндігін дамытуды түсіндіреді. | 6 | v | | v | | | | | | v | | v | |
| | | БП | ТК | Жаңартылған білім бағдарламасы негізінде қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі | Мақсаты: Білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолдануды қалыптастыру. Мазмұны: Студент тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе | 4 | v | | v | | | | | v | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жасау; коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топпен жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану. Қазақ әдебиетін оқу дағдылары (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым), ойлау дағдылары (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау); шығармашылық ойлау дағдысы, логикалық ойлау дағдысы, сыни ойлау дағдысы арқылы оқытуды ұйымдастырады. | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | Шағын жинақты мектепте оқыту әдістемесі | Мақсаты: Шағын жинақты мектепте оқыту әдістемесімен таныстыру, оқыту үдерісін дұрыс ұйымдастыру. Мазмұны: Біріктірілген сынып-комплект пен оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны. Қосалқы сыныптарда оқу өткізудің ыңғайсыздығы; аз толтырылған сыныптарда оқытудың дәстүрлі әдістемелерінің артық болуы; кәсіптік білім беруді ұйымдастыруға мүмкіндік жоқтығы; қосымша білім беру ұйымдарының және мәдени орталықтардың жоқтығы; арнайы ғылыми-әдістемелік кешендердің болмауы; мұғалімдердің, әсіресе, тәжірибесіз жас мамандардың шағын жинақты мектеп ерекшелігіне байланысты оқыту үдерісіне дайын болмауы себепті мұғалімдердің біріктірілген сыныптардағы сабаққа дайындалу барысын | | v | | | v | | | v | | v | | v | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ұйымдастырады. | | | | | | | | | | | | | |
| | | КП | ЖК | Оқу-әдістемелік педагогикалық практика | Мақсаты: Оқу-әдістемелік педагогикалық практика кезінде сынып оқушыларын психологиялық тұрғыдан зерттеу, болашақ мұғалімнің бала дамуын және оның жеке тұлға ретінде қалыптасу барысын дұрыс жобалауға, оған психологиялық-педагогикалық тұрғыдан дұрыс, оңды ықпал жасауға және олармен жұмыс істеудің неғұрлым тиімді жолдарын табуды үйрету.<br>Мазмұны: Болашақ мұғалімнің бойында мамандыққа деген бейімділігін қалыптастыру; студенттің педагогика, психология және қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінен алған теориялық білімдерін практикада шыңдау; болашақ мамандарды өз бетінше жұмыс істеуін жоспарлауға, ұйымдастыруға, қазіргі мектеп жағдайындағы озық инновациялық іс-тәжірибелермен таныстыру, озат мұғалімдердің педагогикалық тәжірибелерін талдап қорыту, оларды игеруге дағдыландыру, студент қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдістемелік негіздерін жетік біліп үйрену, бейімделу, пән бойынша дидактикалық материалдар мен көрнекі құралдар пайдалануды үйрену, оқыту әдістерін дәлдікпен таңдауды қолданады. | 2 | | v | v | v | v | v | v | v | v | v | v | v |
| | | КП | ЖК | Арнайы пәндер практикумы | Мақсаты: Қазақ тіл білімі мен әдебиет теориясы, қазақ әдебиетінің тарихы, кезеңдерімен танrealт болу, қайталау жұмыстарын жүргізу. Маман ретінде алған білімдерін | 4 | v | | v | v | | | | v | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | зерделеу. Мазмұны: Сөздер мен сөйлемдерге грамматикалық талдау жасай алу. .Тіл білімінің антропологиялық салалары аспектісінде тілдік бірліктерді зерттеудің негізгі әдістерін білу.т Тілдік және көркем мәтінді талдау қабілеті бар. Білімді өндіріске және бакалавриат тәжірибесіне енгізеді. Лингвистикалық және әдеби шығармаларды жүйелі талдау әдісін меңгереді. | | | | | | | | | | | | | |
| 10 | Қазіргі қазақ тілінің бастаулары | БП | ТК | Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы | Мақсаты: Сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу заңдылықтарының негізінде тілдің дыбыстық жүйесі мен ерекшеліктерінен, қазақ тілінің фонетикалық даму заңдылықтары туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру. Мазмұны: Тіл дыбыстарының жасалу ерекшеліктері. Тіл дыбыстарының түрлері мен қасиеттері. Дыбыс ырғағы, дыбыс күші, дыбыс әуені, актив, пассив сөйлеу мүшелері. Фонема қасиеті, тіл дыбыстарынан айырмашылығы мен байланысы. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың акустикалық-артикуляциялық қасиеттері. Буын, екпін түрлері. Интонация, үндестік заңының ерекшеліктері. Орфоэпиялық, орфографиялық норма. Дауысты, дауыссыз дыбыстар емлесі. Дыбыс, әріп, фонема. Тасымал. Үндестік заңы. Дыбыс үндестігі. Ықпалдың түрлері. Қазақ орфографиясының ұстанымдары (морфологиялық, фонетикалық, дәстүрлік). Ассимиляция, диссимиляция заңдарын меңгереді. | 4 | v | | v | | | | | | v | v | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қазақ жазуының тарихы | Мақсаты: Қазақ жазуының бірнеше өзгерістерден өткен тарихымен, ол жазулардың ерекшеліктерімен танысу. Мазмұны: V-XII ғасырларды қамтитын Орхон-Енисей, Талас өзендері бойынан табылған руна жазуы. Күлтегін, Білге қаған ескерткіштері. VIII-IX ғасырларда қазақ даласына мұсылман дінінің келуі.Араб жазуы. Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім сияқты ұлы тұлғалардың араб жазуын қолдануы. А.Байтұрсынов-қазақ жазуының реформаторы. Мағжан, Абай, Мұхтар секілді алыптардың еңбектері осы әліпби негізінде жазылуы. 1929-1940 жылдар аралығында латын графикасына көшуі. 1940 жылдан кирилицаға негізделген әліпбиді қолдануды түсіндіреді. | | v | | v | | | v | | | | | | |
| | | БП | ТК | Қазіргі қазақ тілінің лексикология сы | Мақсаты: Қазақ тілінің лексикалық жүйесінің жалпы заңдылықтарын және олардың қызмет ету ерекшеліктерін меңгеру. Мазмұны: Лексика ұғымы, сипаты, қоғамдық қызметі, түрлері. Сөз мағынасының дамуы. Семасиология. Сөз және мағына. Сөздің көп мағыналығы, олардың пайда болу жолдары: метафора, метонимия, синекдоха. Лексикалық омонимдер, олардың көп мағыналы сөздерден айырмашылығы. Табу және эвфемизмдер. Лексика мен фразеологиядағы парадигматикалық және синтагматикалық қатынастар. Қазіргі қазақ тілі лексикасының құрамы, шығу арналары, | 6 | v | | v | | | | | | v | v | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қалыптасуы мен дамуы. Қазақ тілі сөздік құрамының актив және пассив қабаттары. Неологизмдер. Көнерген сөздер. Фразеология салаларын ажыратуды меңгереді. | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | Қазақ лексикографиясының қалыптасуы мен дамуы | Мақсаты:Қазақ лексикографиясының ғылым ретінде қалыптасып, дамуы жайлы мағлұмат алу. Мазмұны: Қазак лексикографиясының зерттелуі, калыптасу тарихы. Сөздік құрастырудың негізгі қағидалары. Теориялык лексикография және тәжірибелік лексикография. Сөздердің шығу тегі мен олардың семантикалық дамуы туралы мағлұмат беретін сөздіктер: 1. Этимологиялық сөздік. 2. Тарихи сөздік.Қазіргі тілдердегі сөздердің мағыналарын түсіндіріп, олардың қолданылуы жайлы мағлұмат беретін сөздіктер: 1.Түсіндірме сөздік. 2.Аударма сөздік. 3.Терминологиялық сөздік. 4.Диалектологиялық сөздік. 5.Фразеологиялық сөздік. 6.Синонимдер сөздігі. Сөздердің дыбыстық құрылысы мен олардың жазылуы туралы мәлімет беретін сөздіктер.: 1.Фонетикалық сөздік. 2.Орфографиялық сөздік. Заттар мен құбылыстардың ұғымдарын айқындап, түсіндіретін сөздіктер: 1.Энциклопедиялық сөздік. 2.Иллюстративтік сөздіктерді қолданады. | | v | | v | | | | | | | v | v | | |
| | | КП | ТК | Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы | Мақсаты: Тілдің морфологиялық жүйесін, сөздердің грамматикалық кластарын (сөз таптарын) жіктеуіш бірліктер ретінде ажырату | 5 | v | | v | | | | | | | v | v | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қағидаларын және қазақ тіліндегі әр сөз таптары туралы білімдерін қалыптастыру. Мазмұны: Сөздердің морфологиялық құрылымы. Негізгі грамматикалық ұғымдар Грамматикалық мағына. Грамматикалық форма. Грамматикалық категория. Сөздің құрамы және морфемалардың түрлері. Сөз формалары және олардың жасалу тәсілдері. Морфологиялық талдау жасауды меңгереді. | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы | Мақсаты: Сөзжасамның жалпы теориялық мәселелерін: сөзжасам жүйесін, сөзжасамдық бірліктерді, сөзжасам заңдылықтарын, сөзжа-самның амал-тәсілдерінен туған қағидаларды меңгеру. Мазмұны: Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінің ерекшеліктері. Сөзжасамдық тәсілдер. Сөзжасамдық мағына. Туынды сөздер. Сөзжасамдық ұя. Сөзжасамдық бірлік. Сөзжасамдық талдау. Сөз таптарының сөзжасамы. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық және морфологиялық жүйелердің ерекшеліктері. Қазіргі кезеңдегі осы жүйелердің даму тенденциясы. Қазақ тілінің сөзжасамдық-морфологиялық құбылыстарын талдаудың практикалық дағдыларын қалыптастырады. | | v | | v | | | | | | v | v | | |
| | | БП | ТК | Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі | Мақсаты: Лингвистикалық дәстүрлерді де, қазіргі синтаксис теориясының жалпы танылған жетістіктерін де көрсететін қазіргі қазақ тілінің синтаксистік жүйесі туралы түсініктерді қалыптастыру. Мазмұны: Синтаксистің пәні мен | 5 | v | | v | | | | | | v | v | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | міндеттері. Синтаксистің негізгі ұғымдары. Синтаксистік бірлік. Синтаксис туралы түсінік. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік бірліктерді құрастыру құралдары. Синтаксистік форма және синтаксистік мағына туралы түсінік. Синтаксистік бірліктерді зерттеу аспектілері. Сөз тіркестерінің типологиясы. Ұсыныс және оның аспектілері. Сөйлем мүшелері. Ұсыныстың типологиясы. Күрделі ұсыныс. Күрделі сөйлемнің типологиясы. Мектепте және университетте сөз тіркестеріне, сөйлемдерге және күрделі сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау. Мәтін және дискурс сияқты мәселелерді түсіндіреді. | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы | Мақсаты: Қазақ тілінің тыныс белгілері заңдылықтарын толық меңгеру арқылы сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: Пунктуацияның зерттеу нысаны, мақсаты, міндеттері, маңызы. Тыныс белгілерінің қалыптасуы мен даму жолдары. Қазақ тілі пунктуациясының жүйесі. Қазақ тілінің тыныс белгілері жөніндегі ережелер жиынтығы. Тыныс белгілерінің түрлері және олардың әрқайсысының қызметі. Тыныс белгілер мағынаға және интонацияға негізделіп, сөйлемнің грамматикалық құрылысына, мағынасына, интонациясына қарай қойылады. Пунктуация мәселелерінің шешілмей келе жатқан даулы тұстарына талдау жасай алады. | | v | | v | | | | | | v | v | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | КП | ЖК | Өндірістік педагогикалық практика 1 | Мақсаты:Студенттердің теориялық дайындығын тереңдету, алдыңғы оқу-зерттеу тәжірибесінде алған кәсіби шеберліктерін жетілдіру, шығармашылыққа дайындығын қалыптастыру.<br>Мазмұны: Оқу үдерісінде алынған теориялық білімдерді жан-жақты пайдалану, практикалық дағдыларды, біліктілік пен филологиядағы кәсіби тәжірибені алу. Озық тәжірибені дамыту. Педагогикалық ойлау икемділігін, шығармашылығын қалыптастыру, педагогикалық құбылыстарды, фактілерді талдайды. | 10 | v | v | v | v | v | v | v | v | v | v | v | v |
| 11 | Қазақ әдебиетінің тарихы | БП | ТК | Ежелгі дәуір әдебиетінің тарихы | Мақсаты: Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын, өзіндік ерекшелігін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде қазақ әдебиетінің тарихы туралы объективті түсінік қалыптастыру. Руна жазуымен қашалған тарихи-эпостық шығармалармен және этикалық-дидактикалық шығармалармен таныстыру. Мазмұны: Төл әдебиетіміздің тарихын, оның қалыптасу процесі, әр түрлі даму кезеңдерін және зерттелуі мен зерделенуін жан-жақты қарастыру. А.Қыраубаеваның ежелгі дәуір әдебиетін классификациялауы. «Заманымыздан бұрынғы жазу-сызулар, аңыз-жырлар» (б.з.д. VII ғ.-б.з. IV ғ.), «Түркі қағанат дәуіріндегі әдебиет» (V-VШ ғ.ғ.), «Оғыз дәуіріндегі әдебиет» (IX-X ғ.ғ.), «Ислам дәуіріндегі әдебиет» (X-XII ғ.ғ.), «Алтын Орда дәуіріндегі | 5 | v | | v | | | | | v | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әдебиет» (XII-XIV ғ.ғ.) | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | V-XV ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы | Мақсаты:V-XV ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихын жалпы түрік әдебиеті мұраларымен байланыстыра қарастыру «Күлтегін», «Тонықөк», «Оғыз қаған», «Құтты білік» т.б. тәрізді жазба ескерткіштердің идеясы мен көркемдік ерекшеліктерін меңгерту. Мазмұны: Орхон жазба ескерткіштері. Енисей жазба ескерткіштері. Талас жазба ескерткіштері. Қазақстан аймағындағы жазба ескерткіштер: Ежелгі сақ жазуы, ежелгі қаңлы жазуы. Ертіс жазба ескеркіштері. Әулие ата жазба ескерткіштері. Сырдария жазба ескерткіштері т.б. Ежелгі дәуірдегі әдебиетті көне тарихпен, көшпенділер мәдениетімен сабақтастыруды түсіндіреді. | | v | | v | | | | | v | | | | |
| | | БП | ТК | Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет | Максаты: Қазақ хандығы дәуірінде туған әдеби туындыларды стилдік, жанрлық және идеялық ауқымда қарап, саралай алу. Мазмұны: Қазақ хандығы дәуірінде қазақ халқының төл әдебиетінің қалыптасу процесі; жыраулар әдебиеті оның ежелгі түрік әдебиетінің жалғасы екендігі; жырау, жыршы және ақын атауларының терминдік ерекшеліктері; Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз мұраларының ноғайлы дәуіріне қатысы; Жиембет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Бұқар жырлары; хан және жырау ара-қатынастары; философиялық-даналық жырларды қолданады. | 5 | v | | v | | | | | v | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы | Мақсаты: XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихын Алтын Орда әдебиеті контекстінде қарастыру Мазмұны: XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетін жаңаша қарастырыу мәселелері, ондағы қазақ ноғай жырауларының поэтикасы, Ш.Уәлихановтың, Ә.Марғұланның, М.Э.Осмоновтың, Ә.Қоңыратбаевтың, Қ.Өмірәлиевтің еңбеңтеріне сүйену, оның ішінде М.Э.Осмоновтың «Ногайские и кумыкские тексты», профессор Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ эпосы және түркология», Қ.Өмәрілиевтің «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» еңбектеріне мән беру, Қазтуғанның жаңа жырларын текстологиялық тұрғыдан қарастыру, Ә.Марғұланның қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселесіне көңіл бөлуді түсіндіреді. | | v | | v | | | | | v | | | | |
| | | БП | ТК | XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті | Мақсаты: XIX ғасырдағы жаңа қазақ жазба әдебиеттің шығу тегін, оның алғы шарттарын зерделеу. Мазмұны: XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ұлттық тарихи-саяси дағдарыс кезеңінде пайда болуы, осы кездегі әдебиет өкілдерінің отаршылдықты әшкере етіп жырлауы; Махамбеттің өршіл-күрескерлік жырлары; М.Әуезовтің Дулат, Шортанбай, Мұрат шығармашылығына қатысты «зар заман» терминін қолдануы; Қоқан хандығы тұсындағы әдебиет өкілдерінің мұралары: Мәделі қожа, Құлыншақ, Майлықожа, Сүйінбай; Ағартушылық әдебиет өкілдері: Шоқан, Ыбырай, Абай. | 4 | v | | v | | | | | v | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиет | Мақсаты: XIX ғасырдағы жаңа қазақ жазба әдебиеттің шығу тегін, оның алғы шарттарын зерделеу. Мазмұны: Шоқан Уәлихановтың ғылыми шығармашылығы, оның «Жоңғария очерктері» еңбегі, поэзия жанрларын түрге бөлуі, Ыбырай Алтынсарин еңбектері, оның «Қазақ хрестоматиясы», «Шариат-ул Ислам» еңбектері, өлеңдері, мысалдары, Абай Құнанбайұлы шығармашылығы, өлеңдері, қара сөздері, мысалдары, поэмалары, аудармаларын қолданады. | | v | | v | | | | | v | | | | |
| | | БП | ТК | XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті | Мақсаты: Ояну дәуіріндегі әдебиеттің саяси-концепциялық мәнін жете ұғып, ондағы алаш қозғалысы, кітәби ақындар және діни, тарихи, ағартушылық бағыттағы шығармашылық процестерді айқын ажыратып, қабылдау. Мазмұны: XX ғасыр басындағы идеялық-рухани ояну дәуірі, ондағы саяси өзгерістердің қазақ әдебиетіне әсері; алаш қозғалысы және әдебиет; «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің қоғамға, әдеби ойға қозғау салуы; А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торыайғыров шығармашылығының орны; Шәкәрім, М.Ж.Көпеев шығармашылығындағы діни, тарихи, ағартушылық сарындар; осы кездегі кітаби ақындар: М.Қалтаев, Н.Наушабаев, Молда Мұса Байзақов, Ш.Жәңгіров шығармаларын түсіндіреді. | 5 | v | | v | | | | | v | | | | |
| | | | | Студенттерді ң ғылыми- | Мақсаты: Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын | | | | | | | | | | | | v | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру | ұйымдастырудың тиімді жолдарын үйрету. Мазмұны: Ғылыми-зерттеудің нысаны, түрлері, ерекшеліктері, оның даму тенденциялары әдебиеттану және филология ғылымдары контекстінде қарастырылуы. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау. Эмпирикалық әдіс. Лингвистикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі және оларды ұйымдастырып, жоспарлау жолдарын қарастырады. | | | | | | | | | | | | | |
| | | КП | ТК | Қазіргі қазақ әдебиеті | Максаты: Кеңестік дәуірдегі әртүрлі әдеби бағыттарды (либералдық, социалдық, діни, эмиграциялық әдебиет, 60-жылғылар) хронологиялық-концепциялық тұрғыдан қарастырып, саралай алу. Мазмұны: Кеңестік дәуірдегі әдеби ағымның күрделілігі; осы кезеңдегі әдебиетке «соц. реализм» әдісінің күшпен таңылуы; ұлттық социалдық бағытты ұстанған С.Сейфуллин, С.Мұқанов, І.Жансүгіров, Б.Майлин шығармалары; алаш қозғалысының әсерімен рухтанған Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев шығармашылығы; М.Әуезовтің шығармашылық өмірі; Жамбыл феномені; И.Байзақов импровизатор ақын ретінде; Қ.Аманжолов лирикасы; Кеңестік дәуірдегі эмиграциялық әдебиет: М.Шоқай еңбектері, М.Айтбаев, Х.Абдуллин поэзиясы; әскери тақырыпты көтерген Б.Момышұлы еңбектері; «жылымық» кезеңінде пайда болған «алпысыншы жылғылар»: І.Есенберлин, О.Сүлейменов, Ә.Кекілбай, | 5 | v | | v | | | | | v | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Ш.Мұртаза, М.Мағауин, А.Сүлейменов,О.Бөкеев, М.Шаханов т.б. Мұқағали Мақатаев лирикасын меңгереді. | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | Тәуелсіз жылдардағы қазақ әдебиеті | Мақсаты: Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетті отарсыздандыру процесі аясында зерделеу. Мазмұны: Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің даму барысы; әдебиеттегі отарсыздану процесі; публицистикалық жанрдың өрістеуі; сол кездегі әдеби басылымдар: «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті» «Жалын» және «Жас алаш», «Ана тілі» т.б. газеттерінде әдеби-тарихи сыни ойлардың өрістеуі; Ш.Мұртаза, К.Смайлов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, М.Шаханов т.б. жаңа таныммен жарияланған еңбектері; К.Әмірбек сатирасы; тәуелсіздік кезіндегі жастар шығармашылығының өсіп-өнуі; 90 - жылдарда белгілі болған жас қаламгерлер: Н.Мәукенұлы, Г.Салықбай, А.Кемелбаева т.б; 2000-жылдарда танымал болған: Қ.Сарин, А.Елгезек, А.Қалшабек, А.Темірбай, Б.Қарағызұлы, Е.Жүніс т.б. еңбектері; айтыс өнерінің жаңа өрнекпен дамуы, қоғамға ой салған айтыс ақындары: М.Тазабек, М.Қосымбаев, А.Әлтаев, А.Тұрсынбаева, О.Досбосынов, Б.Имашев т.б.шығармаларын қолданады. | | v | | v | | | | | v | | | | |
| | | КП | ТК | Қазақ әдебиеті сынының тарихы | Максаты: Қазақ әдеби сынының әл-Фарабиден басталып А.Байтұрсыновқа дейінгі тарихи өсу жолдарымен танысу. Ондағы әдеби-методологиялық ерекшеліктерге мән | 4 | v | | v | | | | | v | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | беру. Мазмұны: Қазақ әдеби сынының пайда болу кезеңдері; Әл-Фарабидің сыни ойлары; Ж.Баласағұни, М.Қашқари еңбектеріндегі поэтикалық ойлар; шейх Ахмет Құдайдад Таразидің «Көркем сөз өнері» кітабы (1437 ж.); Захираддин Бабырдың, М.Х.Дулатидің сыни ой-пікірлері; XIX ғасырдағы ағартушылар: Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абай еңбектері; Абайдың әдеби-теориялық мәселелерді қо тақырып еткен өлеңдері, оның «Китәбу тасдиқ» еңбегі; кеңестік дәуірде кәсіби әдеби сынның қалыптасуы: А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев еңбектері; Мағжанның «Алқа» әдеби ұйымын құрмақшы болып, оның бағдарламасын жазуы; С.Мұқановтың ҚазАПП ұйымын құрудағы белсенділігі және оның бағдарламасын жазуы; кеңестік дәуірдегі әдеби сындағы жетістіктер мен солақайлықтар; М.Әуезовтің Абайтану ғылымының негізін қалауы; Тәуелсіздік тұсындағы әр түрлі әдеби айтыс-тартыстарды талдай алады. | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | Қазақ әдебиеті сынының ғылыми зерттеушілік мұрасы | Мақсаты: Қазақ әдеби сынын тарихи-теориялық тұрғыдан хронологиялық әдіс бойынша талдап, саралау. Мазмұны:Кеңестік дәуірдегі әдеби сын барысы, «Айқап» пен «Қазақ» басылымдарындағы әдеби сын көрінісі, Мағжан Жұмабаев жазған «Алқа» әдеби платформасы, оның трагедиялы тағдыры, ҚазАПП-тың құрылуы және әдеби теориялық | | | | | v | v | | | | | v | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ұстанымдары, 30-жылдардағы тұрпайы әлеуметтік сындар, 50-жылдардағы әдебиет әлеміндегі «космополитизм» зардабы, 60-жылдардағы «жылымық» кезеңіндегі сынның даму үдерісі, тәуелсіздік тұсындағы әдеби сынның даму ерекшеліктерін түсіндіреді. | | | | | | | | | | | | | |
| | | КП | ЖК | Өндірістік-педагогикалық практика II | Мақсаты:Өндірістік-педагогикалық практиканың II негізгі мақсаты-кәсіби құзіретін бекіту, кәсіби қызметінің практикалық дағдылары мен тәжірибелерін игеру.<br>Мазмұны: Өзіндік жұмыс барысында кәсіби дағдыларын жетілдіреді. Кәсіби іс-әрекеттің шығармашылық қабілеттерін дамытады. Оқытудағы инновациялық технологияларды меңгергенін көрсетеді, нормативтік құжаттармен жұмыс істеу дағдысына ие болады, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарының тақырыптық жоспарын жасайды. Сабақты талдау және өзін-өзі талдау дағдыларын, оқушыларды критериалды бағалау технологиясын меңгереді. Жаңартылған бағдарламаларды талдайды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. | 5 | v | v | v | v | v | v | v | v | v | v | v | v |
| 12 | Қазақ халқының рухани мұрасы | КП | ТК | Қазақ халқының ауыз әдебиеті | Мақсаты: Қазақ ауыз әдебиетін тарихи контекстe қарастыра отырып, синкретті өнер екендігіне, дәстүрлілігіне, көп варианттылығына мән беру және оның көркем-танымдық, тәрбиелік ерекшеліктерін зор мәдени мұра ретінде зерделеу. Мазмұны: Ауыз әдебиетінің ерекшеліктері; фольклор және фольклористика ғылымы; | 5 | v | | v | | | | | v | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | фольклордың пайда болу тарихы, оның халық өнері екендігі; ауыз әдебиетінің түрлері: тұрмыс-салт жырлары, аңыздар, эпостық шығармалар, батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар, ертегілер, айтыс өнері, оның түрлері. | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | Қазақ фольклористикасы | Мақсаты: Фольклор және фольклористика мәселелерін фольклордың коллективтік және ұлттық сипаты, варианттылығы, дәстүрлілігі, тарихилығы және ауызекі дамуы тұрғысынан саралау Мазмұны: Фольклор және оның шығу тегі, халық ауыз әдебиеті мен фольклор, олардың өзара айырмашылықтары, фольклор мен әдебиеттің бірлігі яки бөлектігі, фольклордың діни, этнографиялық, тарихи, әдеби қырлары және олардың өзара байланыстары, фольклордың коллективтік және ұлттық сипаты, варианттылығы, дәстүрлілігі, тарихилығы және ауызекі дамуын жіктеп талдау, оларды тарихи поэтика аясында қарастырады. | | v | | v | | | | | v | | | | |
| | | БП | ЖК | Оқу практикасы | Оқу практикасы процесінде студенттердің университеттен алған теориялық білімдерін қолдану арқылы іс – тәжірибеде тереңдетіп, бекіту және жан –жақты пайдалана білу; оқу-тәрбие жұмысындағы бүгінгі заман талабына сай алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелермен танысу;<br>Фольклорлық практика – 1-курстардың оқу-тәрбиелік және өз бетінше ғылыми жұмыстары үшін ең маңызды іс-тәжірибе түрі екендігін | 1 | v | v | v | v | v | v | v | v | v | v | v | v |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | түсіндіру. Фольклор жинау арқылы халық ауыз әдебиетінен білімдерін тереңдету және кеңейту. Дәріс және практикалық сабақтарда алған білімдерін халықтық фольклормен танысуға жұмсау, жұмысты жинау қабілеттілігін игеру, жарияланым үшін фольклорлық жазбаларды дайындауда практикалық дағдыларды меңгерту, фольклорлық жазбаларды мұрағаттық сақтау және оларды алғашқы өңдеу туралы түсінік алу. | | | | | | | | | | | | | |
| | | КП | ТК | Шешендік өнер және мәнерлеп оқу | Мақсаты: Шешендік өнердің халықтың қасиетті де құнды мұрасы екенін таныту. Мазмұны: Шешендік өнер негіздерін талқылау. Дұрыс сөйлеудің және оны көпшілікке жеткізе білудің негізгі дағдылары. Шешендік өнердің дамуы, тарихи кезеңдері туралы идеялар. Шешендік сөздер. Бата- тілек. Өнегелі сөздер. Өсиет сөздер. Сөйлеу сөзін қабылдату үшін ауызша және ауызша емес компоненттерді сипаттайды. | 4 | v | | v | v | | | | v | | v | | |
| | | | | Сөйлеу мәдениетінің теориясы мен практикасы | Мақсаты: Сөйлеу әрекеттерінің төрт түрі (сөйлеу, оқу және жазу) негізінде болашақ студенттердің қарым-қатынастық және мәдениетаралық біліктілігін қалыптастыру; Мазмұны: Риторикалық ұғымдар. Қазақ тілі мен сөйлеу мәдениеті. Сөйлеу қарым-қатынастарының мәдениеті. Коммуникация және тілдік қарым-қатынас. Қарым-қатынастың оқиғалы және конвенциондық сфералары. Сөйлеу мәдениеті мен сөйлеу мәдениетінің негізгі | | v | | v | v | | | | v | | v | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | критериялары. Әдеби қазақ тілі нормалары туралы ұғым. Сөйлеу этикеті. Этикеттік сөйлеу формулалар мен мәтіндер әлеуметтік және тұлғааралық қатынастарды реттеу құрал ретінде қолданады. | | | | | | | | | | | | | |
| 13 | Қазақ тілінің сөйлеу мәдениеті және стилистикасы | БП | ТК | Қазіргі қазақ диалектологиясы | Мақсаты: Қазақ диалектологиясының зерттеу нысанын белгілеу, диалектілердің пайда болу, қалыптасу жолдарын көрсету, қазақ диалектологиясының зерттелу тарихынан хабардар ету. Мазмұны: Қазақ диалектологиясының зерттеу нысанын белгілеу. Диалектілердің пайда болу, қалыптасу жолдарын көрсету. Қазақ диалектологиясының зерттелу тарихынан хабардар ету. Диалектілердің тілді шұбарлау мен әдеби тілді байытудағы орнын ажырата білуге үйрету. Қазақ тілі диалектілерінің жалпы құрылымы. Қазіргі қазақ диалектілерінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейлерінің ерекшеліктерін түсіндіреді. | 4 | v | v | | v | | | | | | v | | |
| | | | | Қазақ тіліндегі тіл ерекшеліктерін зерттеу | Мақсаты: Жергілікті тіл ерекшеліктеріне тән фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерді саралау, диалектілердің тілді шұбарлау мен әдеби тілді байытудағы орнын ажырата білуге үйрету. Мазмұны: Тіліміздегі диалектілерді, жергілікті ерекшеліктерді зерттеп, толықтай қарастыру. Қазақ тілінің диалектологиялық картасын, атласын жасау. Халық тілінің жергілікті тілдік ерекшеліктерін | | v | v | | v | | | | | | v | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | зерттеп, зерделеу. Халық тілінің байлығын жинау тілімізді байытуға үлкен әсерін тигізетіндігі. Диалектілердің тілді шұбарлау және әдеби тілді байытудағы орнын көрсетуді түсінеді | | | | | | | | | | | | | |
| | | КП | ТК | Стилистика және тіл мәдениеті | Мақсаты: Тілдік сезімі және шешен сөйлеу мәдениеті қалыптасқан, сөз сапалары мен шешендік стильдің тілдік белгілерін меңгерген, бәсекеге қабілетті дара тұлғаның қалыптасуына мүмкіндік жасау. Мазмұны: Тілдің жалпы адамзаттық құндылық ретіндегі рөлін түсіндіреді; сөз мәдениетінің сатыларын таныту;тілдің эстетикалық табиғатын таныту; жаңа тілдік жағдаяттарда қарым-қатынас жасауға дағдыландырады; стиль түрлеріне сай тілдік талғамдарын жетілдіру; жұрт алдында сөйлеуге төселдіру, көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымын меңгерту; шешен сөйлеуге төсемді әлеуметтік-тілдік дағдыларын қалыптастыру, көркем сөз нормаларын меңгереді. | 4 | v | | v | v | | | | v | | v | | |
| | | | | Қазақ тілінің стилистикасы | Мақсаты:Стилистика ғылымының теориялық негіздерімен таныстыру. Қазақ әдеби тілінің стилистикалық құралдары, стилистикалық норманы меңгерту. Мазмұны: Мәтіннің стилистикалық ерек-шелігін зерттейді Стилистикалық құбылыс-тарды талдайды. Стилистиканың негізгі ұғым категориялары. Функционалды стилистика. Қазақ тілінің стилистикалық құралдары. Қазіргі қазақ әдеби тілінің функционалды стильдері. Стильдік | | | | v | | | v | | v | | v | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | норма және стилистикалық қате. Пароним сөздер. Шендестіру және оксюморон. Перифразалық сөз қолданысын түсіндіреді. | | | | | | | | | | | | | |
| | | КП | ТК | Когнитивті лингвистика | Мақсаты: Тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін меңгеру, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы студенттердің ой-өрісін кеңейту. Мазмұны: Когнитивті лингвистиканың қазақ тіл біліміндегі көрінісі. Когнитизм және когнитология. Теологиялық танымның тілдік сипаты. Когнитивті лингвистика және терминология. Тіл және таным бірлестігі. Тіл мен сана. Тілдік таным және ғаламды зерделейді. | 4 | v | | v | | | | | | | v | | |
| | | | | Этнолингвистика | Мақсаты: Этнолингвистика ғылымының теориялық негіздерімен қаруландыру, тілді этнос болмысымен сабақтастыра зерттейтін ғылыми жұмыспен шұғылдануға, шығармашылық қабілеттерін ұштауға, біліктіліктерін шыңдауға қажет тіл білімінің жаңа саласымен, тың ғылыми дерек көздерімен таныстыру. Мазмұны: Этнолингвистика және этнос болмысы. Этнолингвистика және психо-лингвистика, социолингвистика. Тіл және халықтық менталитет. Тіл және мифология Этнолингвистика және паралингвистика Қазақ этнолингвистикасы, зерттелуі Қазақ этнолингвистикасындағы жүйелілік принципі. Этнолингвистиканың базалық ұғымдары. Этнографизмдер. Этникалық | | v | | v | v | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | процестер. Этнолингвистикалық бірліктерді қолданады. | | | | | | | | | | | | | |
| | | БП | ТК | Практикалық қазақ тілі | Мақсаты: Қазақ тілінен меңгерген білім, білік дәрежелерін жүйелі түрде тиянақтап, жазу сауаттылығын, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Мазмұны: Фонетика және орфография. Орфография және дұрыс сөйлеу мәселелері. Сөздік қор. Сөз жасау. Морфология. Синтаксис. Тыныс белгілері. Сөздерге лингвистикалық талдау жасау. Грамматикалық ережелерге сүйене отырып, мәтінмен жұмыс; Салыстыру, фонетикалық ерекшеліктерді талдау, емле схемаларын дұрыстау және ұқсас формаларды дереу өшіру; Қарапайым талдау моделін модельдеу және ең күрделі талдау үлгілері үшін үлгіні қорғауды параллельді талдаудың жаңа әдісі; Деңгейлік тапсырмаларды орындайды. | 5 | v | | v | | | | | | | v | | |
| | | | | Тілдік деңгейлер бойынша талдау | Мақсаты: Тіл бірліктерінің тыңдалым, оқылым, жазылым түрлері бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдарды менгерту. Мазмұны: Тілдік талдау немесе лингвистикалық талдау - тіл бірліктерінің сипатамалары заңдылықтарынын ерекшеліктерін, бөліну жолдарын, бір-бірімен байланысу амалдарын ажыратып саралау. Тілдік талдаудың маңызды шартттарын, оның негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктерімен танысу. Тілдік фактілер негізінде өз бетімен | | v | | v | | | | | | | v | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ойлауға, сол құбылыстың белгілеріне сүйене отырып өзіндік ереже шығаруға дағдыланады. | | | | | | | | | | | | | |
| | | КП | ЖК | Оқу-тәрбиелік педагогикалық практика | Болашақ кәсіби іс-әрекетінің сипатына сәйкес практикалық оқу, шығармашылық тапсырмаларды орындайды. Жаңартылған бағдарлама бойынша қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарының құрылымы мен мазмұнының ерекшеліктерін инновациялық технологияларды пайдалана отырып, оқушыны бағалау көрсеткіштері мен критерийлерін құрастыру әдістерін ашады. | 4 | v | | | | | | v | | v | | | |
| 14 | Жаңа кәсіби құзыреттілiктерді алу модулі | БП | ТК | Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндері | Мақсаты:Білім алушыларды журналистиканың қоғамдағы ролі, функциясы, прициптерімен таныстыру. Тіл құралдарын БАҚ-та сауатты пайдалана білуге үйрету.<br>Мазмұны:Қосымша білім беру бағдарламасы (minor) (минор) - қосымша біліктіліктерді қалыптастыру мақсатында білім алушылармен анықталған пәндер (немесе) модульдер және басқа да оқу жұмыстары түрлерінің жиынтығы. | 12 | | | v | | | | | | | v | v | |
| 15 | Қорытынды аттестация модулі | КП | ЖК | Диплом алды немесе өндірістік практика | Мақсаты:Студенттердің алған теориялық білімдерін тереңдету және бекіту, практикалық әрекеттің шығармашылық, тиянақты тәжірибесін игеру, қоғамдық өмірдің құбылыстарын, жағдайларын, оқиғаларын талдап, олардың араларындағы салдар тәуелділіктері мен байланыстарын анықтау.<br>Мазмұны: Лингвистиканың және | 4 | | | v | | | | | | | v | v | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әдебиеттің теориялық негіздерін білу. Диплом тақырыбының өзектілігін, теориялық және тәжірибелік маңыздылығын негіздеу мүмкіндігі; нақты орта жағдайларын ескере отырып, диплом тақырыбына байланысты эксперименталды-зерттеу жұмыстарын жүргізу; эксперименттің нәтижелерін өңдеу. Жоспар жасап, материалдарды жинап, сараптама жасап, практика барысында алынған материалмен жұмыс істей алу: талдау.Ғылыми-зерттеу жұмысының зерттеу әдістерін нақты қоя біліп, практиканың мақсатына сай қорытындылар шығара білу. | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру | Мақсаты:Теориялық-әдіснамалық негіздерін меңгеру деңгейін бағалау, ғылыми зерттеулерге қызығушылығын дамыту; БББ бойынша теориялық және практикалық білімді бекіту, қорыту.<br>Мазмұны: Диплом жұмысын орындау және мақсатқа жету үрдісін басқара алу, мақсат, нәтижелері мен қорытындыға қол жеткізу. Мазмұндау стилі (академиялық жазбаша тіл) анық. Диплом жұмысын сауатты рәсімдей алу. Тіл білімі мен әдебиеттанудың теориялық негіздерін қолдану, алынған ақпаратты жүйелендіру; жаңартылған бағдарламаға сәйкес сабақтарды оқытудың құрылымы мен мазмұны; сабақтарда қолданылатын инновациялық технологиялар; индика-торларды әзірлеу әдістері және зерттелетін | 8 | v | v | v | v | | v | v | v | v | v | v | v |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | құбылыстың бағалау критерийлерін білу.Теориялық білімі мен практикалық дағдыларын ұштастыра алу, диплом жұмысының өзектілігін, теориялық және практикалық маңыздылығын тануды меңгереді. | | | | | | | | | | | | | |

## 5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕРІ БӨЛІНІСІНДЕ ИГЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІҢ КӨЛЕМІН КӨРСЕТЕТІН ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕСІ

| Оқыту курсы | Семестр | Меңгерілген модульдер саны | Оқытылатынпәндер саны | | | KZ кредиттер саны | | | | | | Барлық сағаттар | KZ кредиттер жиыны | Саны | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | МК | ЖК | ТК | Теориялық оқыту | Дене шынықтыру | Оқу практикасы | Өндірістік практика | Диплом алды практика | Қорытынды аттестация | | | емтихан | Сараланған сынақ |
| 1 | 1 | 5 | 4 | 1 | 2 | 28 | 2 | | | | | 900 | 30 | 6 | 1 |
| | 2 | 6 | 4 | 1 | 3 | 27 | 2 | 1 | | | | 900 | 30 | 5 | 3 |
| 2 | 3 | 5 | 2 | 3 | 3 | 28 | 2 | | | | | 900 | 30 | 6 | 2 |
| | 4 | 7 | 3 | 1 | 3 | 24 | 2 | | 4 | | | 900 | 30 | 5 | 2 |
| 3 | 5 | 5 | - | - | 7 | 30 | | | | | | 900 | 30 | 6 | 1 |
| | 6 | 4 | - | 1 | 4 | 24 | | | 6 | | | 900 | 30 | 4 | 1 |
| 4 | 7 | 3 | - | 1 | 3 | 20 | | | | | | 600 | 20 | 4 | 0 |
| | 8 | 3 | - | 1 | 3 | 20 | | | | | | 600 | 20 | 4 | 0 |
| | 9 | 1 | - | 1 | - | - | | | | 10 | 12 | 600 | 20 | | 1 |
| **Қорытынды** | | **39** | **13** | **10** | **28** | **201** | **8** | **1** | **10** | **10** | **12** | **7200** | **240** | **40** | **11** |

## 6. Оқыту стратегиясы мен әдістері, бақылау және бағалау

| | |
|---|---|
| **Оқытустратегиялары** | Студентке бағытталған білім беру: білім алушы – оқытудын/үйретудің орталығы және оқыту мен шешім қабылдау үрдісінің белсенді қатысушысы.<br>**Тәжірибеге бағытталған білім беру:** тәжірибелік дағдыларды дамытуға бағыттылық. |
| **Оқыту әдістері** | Дәрістер, семинарлар, түрлі практикалар өткізу:<br>инновациялық технологияларды қолдану:<br>• проблемалық оқыту;<br>• кейс-стади;<br>• топта және креативті топта жұмыс істеу;<br>• пікірталастар мен диалогтар, зияткерлік ойындар, олимпиадалар, викториналар;<br>• рефлексия, жобалар, бенчмаркинг әдістері;<br>• Блум таксономиясы;<br>• презентациялар;<br>ақпараттық дереккөздерді ұтымды және креативті пайдалану:<br>• мультимедиялық оқыту бағдарламалары;<br>• электрондық оқулықтар;<br>• сандық ресурстар.<br>• Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, жеке кеңес беру. |
| **Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау** | • **Ағымдағы бақылау** пәннің әрбір тақырыбынан аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білімді бақылау бойынша жүргізіледі (силлабусқа сәйкес).<br>• **Бағалау формалары:**<br>• Сабақтардағы сұрау;<br>• Оқу пәні бойыншатестілеу;<br>• Бақылаужұмыстары;<br>• Өзіндік шығармашылық жұмысты қорғау;<br>• дискуссиялар;<br>• тренингтер;<br>• коллоквиумдар;<br>• эссе жазу т. б.<br>**Аралық бақылау** бір оқу пәні бойынша тек бір академиялық кезеңде екі реттен кем емес өткізіледі. **Аралық аттестация** академиялық күнтізбеге сәйкес, оқу жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.<br>**Өткізу формалары:**<br>• тестілеу формасындағы емтихандар;<br>• ауызша емтихандар;<br>• жазбаша емтихандар;<br>• аралас емтихандар;<br>• жобаларды қорғау;<br>• тәжірибе бойынша есептерді қорғау.<br>**Қорытынды мемлекеттік аттестациялау.** |

## 7. БББ ОҚУ-РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

| | |
|---|---|
| **Ақпараттық ресурстық орталық** | Ақпараттық білім беру орталығының құрамына 6 абонемент, 16 оқу залы, 2 электрондық ресурстық орталық (ЭРЦ) енеді. АББО желілік инфрақұрылымының негізін Интернет жүйесіне қосылған 180компьютер, 110 автоматтандырылған жұмыс орны, 6 интерактивті тақта, 2 видеодвойка, 1 видеоконференция байланыс жүйесі, А-4 форматты 3 сканер, АКАЖ «ИРБИС-64» (6 модулді базалық комплектілі) MS Windows бағдарламалық қамтамасыз етілген автономды сервер құрайды.<br>Кітапхана қоры аптасына 7 күн 24 сағат бойы on-line режимде http://lib.ukgu.kz сайтында пайдаланушыларға қолжетімді, электронды каталогта көрсетілген.<br>Өзіндік: «Almamater», «ОҚУ ғалымдарының еңбектері», «Электрондық мұрағат» тақырыптық деректер қоры жасалған. Онлайн 24/7 режимде http://articles.ukgu.kz/ru/pps сілтемесі арқылы кез келген құрылғыдан қолжетімді.<br>Каталогтар электронды түрде өңделеді. ЭК 9 деректер қорынан тұрады: «Кітаптар», «Мақалалар», «Мерзімді басылымдар», «ОҚУ профессорлық-оқытушы құрамының еңбектері», «Сирек кездесетін кітаптар», «Электрондық қор», «ОҚУ баспада», «Оқырмандар» және «ОҚО».<br>АББО өз пайдаланушыларына электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізудің 3 нұсқасын: каталогтар залындағы және АББО бөлімдерінің «Электронды каталог» терминалдарынан; факультеттер мен кафедралар үшін университеттің ақпараттық желісі; қашықтық режимде кітапхананың http://lib.ukgu.kz/web-сайты арқылы ұсынады.<br>Халықаралық және республикалық ресурстарға қолжетімді: «SpringerLink», «Полпред», «Web of Science», «EBSCO», «Эпиграф»,ашық қолжетімді ғылыми журналдардың электронды нұсқалары, «Зан», «Республикалық жоғары оку орындары аралық электронды кітапхана РМЭБ», «Әдебиет», Цифрлы кітапхана "Aknurpress", «Smart-kitap», «Kitap.kz» және т.б.<br>АББО *ерекше қажеттіліктері бар* және мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін, кітапхана сайты нашар көретін пайдаланушылардың жұмысына бейімделген. |
| **Материалды-техникалық база** | «6В01710-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері Т.Тәжібаев көшесі, 2 мекен-жайында орналасқан №8 оқу ғимаратында оқиды.<br>Оқу ғимаратының жалпы ауданы 9506,2 ш.м. құрайды, пайдалы алаң - 5627,2ш.м., лекциялық аудиториялар - 3 (№201- 125,82ш.м., №301- 124,70 ш.м., №10 - 57,37ш.м.), практикалық, семинар сабақтарына арналған аудиториялар - 6 (№ 206 -31,72ш.м., №207 - 14,76ш.м., № 407–31,08ш.м., № 314–33,32ш.м., № 104 – 35,50ш.м., № 106 – 50,12ш.м), мультимедиялық кабинет 2 (№407 -31,08 ш.м., № 206 -31,72 ш.м), компьютерлік сыныптар - 2 (№106 - 50,12ш.м, № 409 - 32,14ш.м, ЭРЦ-118,8 ш.м). |

«6В01710-Қазақ тілі мен әдебиеті»
білім беру бағдарламасы бойынша

**КЕЛІСУ ПАРАҒЫ**

АкМЖД директоры _______________ А.С.Наукенова

АҒД директоры_________________Ұ.Б.Назарбек

КжКД директоры _______________Т.С.Бажиров

Келісілген:
БББ менеджменті
орталығының жетекшісі: _______________________ Адырбекова Г.М.